

қолданылу аясын кеңейткен, білім беру ісін жолға қойған жанның қаншама еңбегінің арқасында иеленген атағы. «Ұлы ағартушы» ұғымының аясында оның ерекше шеберлігі, білім мен мәдениетті қатар алып жүруі, тынымсыз еңбек, нақты мақсатын байқауымызға болады. Ол гуманитарлық саланы болсын, жаратылыстану ғылымы болсын жан-жақты меңгертуге тырысып, жаңа көзқарас қалыптастыруға негіз болды. Сан ғасырлар бойы бір жолмен ғана келе жатқан еліне шамшырақ болып, жаңа мәдениетті, жаңа білімді игерулеріне жағдай жасады. Бұл жұмыстардың бәрі оңай келген жоқ. Өзінің атасы Балғожа бидің сенімін толықтай ақтаған Ыбырай, үнемі адалдықты басшылыққа алып, тура бидей көсем, тілі жүйрік шешен атанды. Ой мен сананы баурап алатын шығармалары балаларға да үлкен дерге де әсер етіп, үлкен ой салды.

Тек білім саласында ғана емес, ел дамуы барысында да білек сыбана кірісіп, бірқатар жұмыстарды атқарған азамат, өзінің жан-жақтылығымен ерекшеленген. Қағаз жұмыстарына өте мұқият жан, адами қасиеттері арқылы да тұрғындардың ерекше ықыласын тудырып, өзіне баурап алар мінезімен ерекшеленген.

Ыбырай Алтынсарин туралы айтар сөз көп. Халқымыздың маңдайына біткен текті ұлтың аты тарих беттерінен ешқашан өшпек емес. Білім беру саласында сіңірген орасан еңбегі бүгінгі күнге дейін өзінің өзектілігін жоймай, мұғалімдердің басшылыққа алатын әдіс-тәсіліне айналған.

Өмірі өрнекпен өрілген, бар ықыласы еліне ауып, қазақ халқының қамын жеген жанды қайсар десек артық айтпағанымыз болар. Қаншама қасиет бір бойға дарыған, тұнып тұрған талант иесі, мейірімділік пен адалдықтың символы, ұлт азаматы біздің мәңгілік жүрегімізде!

### Әдебиеттер тізімі

1. **Ә. Дербісәлин** Ыбырай Алтынсарин. Өмірі мен қызметі туралы // Алматы, «Қазақстан», 1965 – 81 б.
2. **А. Әбсадық** Ы.Алтынсариннің ағартушылық өнегесі және Ахмет Байтұрсынұлы // Қостанай таңы, 27 қазан 2009. – 4 б.
3. **І. Омаров**, Қазақ әдебиетінің идеялық және көркемдік сапасы жоғары болсын.//Әдебиет және искусство №9, 1948.
4. **С. Асылбекұлы** Қазақ повесінің генезисі // Ақиқат, №11, 2008. –191 б.
5. **Қостанай екі сыныптық орыс–қазақ мектебінің оқытушысы Ы.Д. Соколовтың естелігінен.** 28 сентябрь, 1889 жыл.

ӨОЖ 821.512.122.0

### Ы. АЛТЫНСАРИННИҢ АҒАРТУШЫЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ ҚҰНДЫЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

*Макеева К. М. – қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің оқытушысы, педагог-зерттеуші. Жетісу университетіні «Zhansugurov college».*

*Бұл мақалада Ыбырай Алтынсариннің ағартушылық педагогикалық қызметін, оның ұлттық тарихында қалдырған мұрасын зерттеп қазіргі заман талабына сәйкестігін сипаттауға тырысқан.*

*Түйінді сөздер: «Тәрбиесіз білім – адамзаттың қас жауы», ұстаз-тәрбиеші, Қазақ энциклопедиясы, «Қазақ хрестоматиясы».*

Ыбырай Алтынсарин есімі қазақ балалары үшін мектеп ашқан ұлы ағартушы, орыс әдебиеті классиктерінің балаларға арнап жазған шығармаларын қазақ тіліне аударған аудармашы ретінде ғана емес, қазақ жазба әдебиеті тарихында тұңғыш прозаик ретінде де белгілі. Олай дейтін себебіміз, Ыбырайға дейін шын мәнінде көркем проза қазақ жазба әдебиетінде қалыптаспаған еді. Мазмұны жағынан Ыбырай әңгімелері өз заманының келелі мәселелерін қамтиды. Оның шығармалары жас ұрпақты мейірімділікке, адалдыққа, ізеттілікке, ақылдылық пен білімділікке, т.б. ізгі қасиеттерді үйретуге шақырады. Ыбырай «Қазақ хрестоматиясына» Қара батыр, Байұлы, Жиренше шешен, Тазша бала туралы ертегі, Бай баласы мен жарлы баласы, Таза бұлақ, Өке мен бала т.б. тәлімдік мәні зор әңгімелерін енгізді. Қазақ хрестоматиясына енген Ыбырайдың көркем шығармалары өзінің ағартушылық идеясына бағындырылған. Ол әдебиетті бала санасына әсер ететін, сөйтіп, оны жақсы, өнегелі істерге үйрететін мықты құрал деп атап көрсетті.

Ыбырайдың шығармаларын оқи отырып, ол өз заманының беталысын анық аңғарғанын, халық өмірін жаңа арнаға салуда білім мен тәрбие мәселесі қатар жүру керектігіне назар аударғанын көруге болады. Ыбырай әңгімелерінің негізгі қайнары халық тұрмысынан алынған. Өмірді, адам әрекеттерін ешқашан дағдыдан тыс әсірелеп суреттеп, шындықтан алшақтамаған. Кейіпкерлерді шынайы өмірге тән әрекеттері арқылы бейнелеуді мақсат тұтты. Оның әңгімелерін тақырып жағынан еңбек пен өнерге

баулитын және адамгершілікке тәрбиелейтін шығармалар деп екі топқа бөліп қарастыруға болады.

Ы.Алтынсариннің келешек ұрпағына қалдырған асыл мұрасы ұлан-ғайыр. Оның шығармаларының тәрбиелік мәні мен мазмұны бүгінгі күнге дейін қолданыста екені сөзсіз. [5]

Ұстаздықты сөз етсек, Ыбырай есіміне тоқталмай кету, тәрбие мен оқуды сөз етсек, «Қазақ хрестоматиясы» жайында бірер сөз айтпау мүмкін емес. Қазақ даласындағы аумалы – төкпелі заманда ұрпақ болашағын ойлап, балалар мен жас тағдырына терең үңілген Ыбырай Алтынсарин атамыз «Тәрбиесіз білім – адамзаттың қас жауы» екенін ескерген. Бұл шығармалардың мазмұнынан мен Ыбырайдың ұстаз-тәрбиеші ретінде алдына мақсат етіп қойған адамгершілік мәселелерін көремін. Жас ұрпақтың тәрбиесіне көңіл бөлу керектігіне ерекше назар аударған деп ойлаймын.

Қазақ халқы қарапайым, бірақ біз қарапайымдылықтың өзінен де көп жақсылық табамыз. Адамзат үшін бей-жай қарамайтын қазақ баласы үшін «Қазақ хрестоматиясы» – аса бағалы, құнды дүние. Құндылығы мынада: бұл кітапқа енгізілген шағын әңгімелер, өлеңдер жақсы мінез – құлыққа тәрбиелеуге қажетті мәселелерді қамтиды. Тілге жеңіл, түсінікті, көлемі де шағын бұл шығармалар осыдан бір жарым ғасырға жуық уақыт бұрын жазылса да, өз маңыздылығы арта түспесе кеміген жоқ. Бұл пікіріме бәрі де қосылады деген ойдамын. [6]

Ыбырайдың әдеби еңбектерінің жинағы "Қазақ хрестоматиясы" (1879) ағартушылық мақсатта жазған әйгілі екі өлеңмен ашылады. [3] Ақын бұл өлеңдерді өз кезінде "Сөз басы" деген атпен алған. Қазір бұл өлеңдер "Кел, балалар, оқылық", "Өнер-білім бар жұрттар" деген атаулармен мәлім. Ол халық ағарту ісіне арнаған әдеби туындыларын да оқу-білімді насихаттаудың ұтымды әдісінің қажеттігін көрсетті. Оқу білімнен кенже тұрған халық үшін ғылым мен техниканың жетістіктерін насихаттай алатын қысқа көлемдегі поэтикалық шығармалардың айрықша ұтымды екенін, әсерін терең сезінді, сенді. Қазақ жастарын білім алуға, мәдениеттің жаңа дәстүрлерін игеруге, бойға сіңіруге шақырды.

"Кел, балалар, оқылық" өлеңінде ақын қазақ ауыз әдебиетінің дәстүрлерін шебер пайдаланып, білім мен надандықты, жақсылық пен жамандықты қатар алып, салыстырып отырды.

- 1) Істің болар қайыры  
Бастасаңыз алдалап.  
Оқымаған жүреді  
Қараңғыны қармалап.
- 2) Надандықтың белгісі-  
Еш ақылға жарымас...  
Жөн білмеген адамға  
Қыдыр ата дарымас...

Бұл "өлеңнің айрықша құндылық қасиеттерінің бірі- оның халық дәстүрі, халықтың ұғым өлшемі негізінде жазылғандығында", – деп атап көрсетеді. Ғалым Ә.Дербісалин "Ы.Алтынсариннің әдеби мұралары" деген еңбегінде. Мысалы мал байлығын салыстыру, білмсіз, еңбексіз байлықтың баянсыздығы т.б.

Ал "өнер – білім бар жұрттар" өлеңінде сол тұстағы ғылым мен техниканың ең басты жаңалықтары толық қамтылып, өнер мен білімге қолы жеткен халықтың экономикалық жағынан озықтығын әр салада көрсетеді. [4] ("Сарай салғызды", "Айшылық алыс жер", "Көзінді ашып жұмғанша", "Құстай ұшу", "Балықтай жүзу", "Өнер- жігіт көркі", "Сіздерге бердім батамды" т.б.

Ыбырай Алтынсариннің бір алуан өлеңдері әлеуметтік мәселелерге арналған. Бұған "Өсиет өлеңдер", "Әй жігіттер" тәрізді т.б. өлеңдерін атауға болады. Мұндай өлеңдері биік адамгершілік тұрғысынан ұрлық- қарлықты, астамсу, әділетсіздікті сынап, еңбексіздікті, естілікті салттардың зияндығын көрсетіп, адал- еңбектің адамгершілік мінез- құлықтың артықшылықтарын бейнелейді. Мысалы:

- Араз бол, кедей болсаң, ұрлықпенен,  
Кете бар, кессе басың, шыңдықпенен.  
Қорек тал бейнеттен де, тәңірім жәрдем,  
Телмірме бір адамға мұңдықпенен.  
Әй, жігіттер, үлгі алмаңыз  
Азған елдің ішінен  
Алыс- алыс қашыңыздар  
Зияндасты кісіден.  
Жақсыны көзден салмаңыздар,  
Жақсыдан қапыл қалмаңыздар...

Ыбырайдың мұндай өлеңдері бүгін де ескерді, мән – мағынасы көнерді деп айта алмаймыз.

Ақынның бірлі – жарым өлеңдері табиғаттың сұлу көрністерін суреттеуге арналған. Мұндай лирикалық өлеңдер Ыбырайға дейін қазақ әдебиетінде кездеспейтін. Өйткені пейзаждық лирика, көбінесе, жазба әдебиетке тән. Табиғат сұлулығын жырлау – орыс әдебиетінде, т.б. елдердің әдебиетінде ХVIII ғасырдан келе жатқан белгілі дәстүрлердің бірі.

Ыбырайдың "Жаз", "Өзен" өлеңдері көркемдік келісім жағынан (халық өмірімен байланыс, өлкетану т.б.) оқушының жан дүниесінде жайдары сезім туғызып, көңілді әсер қалдырады. Табиғат көріністерін суреттеуі жағынан да Ыбырай мен Абайдың арасында үндестік бар. Олардың орыс әдебиетімен жақсы таныстығы көрінеді.

Ыбырайдың табиғат тақырыбындағы өлеңдерінен ақындық шеберлігі де көрініп тұр. Зерттеушілер бұл өлеңдердің халық арасына кеңінен таралғандығын атап көрсетеді.

Сондай-ақ ағартушы ғалым бала тәрбиесіндегі ананың еңбегіне ерекше мән беріп, ана махаббатын терең сезіммен жырлап, сол арқылы баланың ата-ана алдындағы перзенттік парызын есіне сапып, ғибратты сөздер, пайымды ойлар айтқан. Бұл өлеңдерді біз бастауыш сыныптардан-ақ жатқа айтып жүрміз. ("Бұл кім?", "Ананың сүюі", "Балғожаның хаты"...)

Ыбырай Алтынсариннің жемісті еңбек етіп, едәуір жақсы шығармалар қалдырған саласының бірі – проза жанры болды. Оның "Бай баласы мен жарлы баласы", "Қыпшақ Сейітқұл", "Киіз үй мен ағаш үй", "Надандық", "Лұқпан хакім", т.б. бірсыпыра шығармалары қоғамдық өмірдің әр алуан жақтарын суреттеуге арналған. Бұл еңбектерінде жазушы өз дәуірінің елеулі мәселелерін көтере отырып, еңбекші халықтың қоғамдық санасын оятуды, тәрбиелеуді мақсат етеді.[7]

"Бай баласы мен жарлы баласы" – Ыбырай шығармаларының биік шыңы. Ол, біріншіден, озық ойларының жемісі әңгіме оқушысын еңбек етуге, өмірін сырын ұғына түсуге бағыттайды. Үсеннің іс-әрекетін жазушы сүйсіне жазады. Асан мен Үсенді салыстыра отырып, олардың адамдық қасиеттерін еңбекке қатысына қарай бағалайды. Бұл әңгімеден сол дәуірден өмір көріністерін, көшпелі тұрмыстың беймаза тірлігін көреміз. Қазақ энциклопедиясы жазушының бұл әңгімесіне орыстың сол кездегі озық ойлы адамдарының көңіл аударғанын Н.Иванов деген журналистің орыс тіліне аударып, "Родник" журналының 1890 жылғы 6-санында жарияланғанын атап көрсетеді.

Ыбырай Алтынсариннің айтулы шығармасының бірі – "Қыпшақ Сейітқұл". Сейітқұлдың іс-әрекетінен оның өмірге жаңаша талаппен қарайтындығы байқалады. Жер шаруашылығымен айналысуы, бұл кәсіптің тиімді тәсілдерін қолдануы (шығыр салу, арық қазу, т.б.), сүйтіп, оның айналасындағылардың орташа тіршілік етуге жетуінің өзі бірліктің, еңбектің нәтижесі екендігін сипаттайды. Әңгіменің тәрбиелік жағы-осындай жаңашылдық бағытында. Сол арқылы қоғамдық құбылыстармен жұртшылықты кеңінен таныстыру мақсаты көзделген. Әрі бұл әңгіме тарихи болған оқиғаның негізінде жазылса керек. Оны автордың өзі атап көрсетеді. [4]

Көркем әдебиеттің күрделі жанры – әңгіме екені белгілі. Өйткені үлкен жанрдағы шығармаларға қойылатын талаптар әңгіме, новелла тәрізді (1-2 эпизодтан тұратын көркем қысқа әңгіме) шағын шығармаларға да қойылады. Бұл тұрғыдан алғанда Ыбырайдың әңгімелері түр мен мазмұн бірлігін сақтай отырып, негізгі мәселені жинақы, тартымды, әсерлі жеткізеді. Өзінің озық идеяларын жеткізуде жазушы халық тілінің байлығын шебер пайдалана білді. Оның шығармаларының бұндай қасиеттері олардың жастарға да, үлкендерге де ортақ екендігін көрсетеді.

Белгілі ғалым Қажым Жұмалиев: "Ыбырай Алтынсарин қазақ әдебиетінде көркем әңгіменің негізін салушы атасы болды. Көркем әңгімелердің композициялық құрлысынын шебер етіп құруда да оның өзінше еңбегі бар," – деп жазды. [5]

Бұл аталған ерекшеліктер жазушының барлық әңгімелеріне ортақ...

Мектеп оқулығы үшін жазылғандықтан, Ыбырайдың әдеби туындылары балалар дүниесіне өте жақын. Сондықтан да ол қазақ балалар әдебиетінің атасы деп танылған. Оның шығармалары мұғалімдер даярлайтын оқу орындарында кең көлемде оқытылады. Мектеп оқулықтарына енгізілген.

Әңгімелерін идеялық нысанасы жағынан жүйелер болсақ, еңбекті сүю, қадірлеу, жақсы мінез-құлыққа бағыттау, халқын сүю махаббат-мейірім (ана-бала) перзенттің парыз, т.б. өмірдің өзекті мәселелері қамтығанын көреміз.

Жазушының адамгершілік туралы идеялары эстетикалық тәрбиемен байланыста, бірімен-бірі ұштастырыла суреттеліп отырады. Оның шығармаларынан жазушының биік адамгершілік қасиетін, азаматтың тұлғасын көреміз, сүйсінеміз.

Өзінің өнегелі өмірі, тынымсыз ізденісі, жан-жақты таланты арқылы танылған Ыбырай Алтынсарин шығармаларының қазақ әдебиеті тарихында алатын орны рәсан зор.

Ыбырай шығармаларының басты тақырыбы – еңбек. [1] Ол еңбек адамның өмірі үшін ерекше маңызды рөл атқарады, еңбексіз өнер де, білім де қолға келмейді деп еңбекті бірінші орынға қойып, тәрбие негізі адал еңбекте деп тұжырым жасайды. Оның бұл тақырыпта жазған көптеген әңгімелері бар. Мысалы Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш, Бай баласы мен жарлы баласы, Қыпшақ Сейітқұл, т.б. Жазушының бір топ әңгімелері адамгершілік тәрбие мәселесіне жазылған. Адамзат баласы шыр етіп жерге түскеннен бастап ата-ананың аялы алақаны мен ыстық ықыласына бөленіп өсетіні белгілі. Ата-ана баласына небір асыл қасиеттерді үйретіп, жақсы азамат болуын тілейді және үміттенеді. Бұл тақырыпта да жазған Ыбырай шығармалары бар. Мысалы Асыл шөп, Бақша ағаштары, Таза бұлақ т.б. Әр әңгімесінде тәрбиенің ізі жатыр. Оны түсініп оқыған адам ғана ұлы ұстаздың шебер тәрбиеші екеніне көзі жетеді. Шығармалары қысқа мазмұнды, балалардың түсінуіне жеңіл. Аз сөзге көп мағына сыйғызу, мақал-мәтел мен афоризмдерді орынды қолдану, әр әңгіменің тағылымдық мәніне ерекше көңіл аудару Ыбырай шығармаларының өзіндік ерекшеліктері. Шығармалары мазмұны жағынан да, түрі жағынан да балалар әдебиетіне қойылатын талаптарға сай келеді. Сондықтан да Ыбырай Алтынсаринді балалар әдебиетінің негізін салушы дейміз. Бүгінгі сабағымыздың нысанасы әңгімедегі тәрбие мәселесі. Тәрбие мәселесі бүгінгі өмірде де өз маңызын жойған жоқ, тіпті күн тәртібіндегі өзекті мәселе екенін де білеміз. Ана мейіріне қанып, әке өсиетін тыңдап өскен бала ғана түбінде жылы жүректі

азамат болары сөзсіз, олай болса, Ыбырай әңгімелерінде жасынан отбасы тәрбиесін көрген бала үлкен азамат болғанда, өз мәнінде өмір сүруге бейім болады деген нақты тұжырымдар беріледі. [4]

Бірінші қазақ педагогі Ыбырай Алтынсарин екі негізгі мақсат қойды: біріншісі – мектеп ашу, балаларды оқыту және жалпы халықты ағарту; екіншісі-халықтың санасын жаңаға бейімдеу бойынша ағарту жұмысы. Ы.Алтынсарин осы екі мақсатқа жету үшін ең қиын жағдайда жұмыс істеді. Көптеген кедергілер болды. Жалған мәлімдемелердің қанша түрі табылды:"жала жапты, сажу жақсы көрді". Бірақ ол берілмеді. Ол болашаққа ерекше оптимизммен қарады. Ол өз армандарын орындай алмаса да, болашақта жастар оларды жүзеге асыратынын білді. [2]

Ыбырай Алтынсарыұлының әдеби жетістіктері тек қана ақындықпен, жазушылықпен, аудармашылықпен шектеліп қоймаған. Оның публицистикалық мақалаларының да маңызы орасан зор. Зерттеушілер бұларды үш топқа бөледі: а) хаттары; ә) экономикалық, саяси-әлеуметтік тақырыптарға жазып, «Оренбургский листок» газетіне бастырған мақалалары; б) этнографиялық тақырыпқа жазған очерктері. Ы.Алтынсарин өз хаттары арқылы айналасында орын алып жатқан жайттар мен қоршаған ортаға деген көзқарасын, сондай-ақ туған халқының келешегі туралы ой-арманын білдіріп отырды. Ағартушының мазмұны аса терең қай хаты да оңай оқылады. Әрбір хат ойыңа ой қосып, сол кездегі қоғам өмірінен сыр тартады.

Ұлы Ыбырайдың шығармаларынан менінде ұстаздық еңбек жолымда алғаным көп деп ойлаймын. Әдебиет пәні аясында алдымдағы шәкірттерді бірінші рухани адамгершілікке тәрбиелеу барысында ұстаздың бала тәрбиесіндегі ұстанымдарына сүйенемін. Өнер – бұлақ, білім – шырақ деп халық даналығы айтқандай, шәкірттеріміз осы өнер мен білімді бойларына сіңіріп, болашақтары жарқын болғай!

Ұстаздың түсінігінде білім дегеніміз айналадағы ақиқатты тану. Яғни, көзі ашық, көкірегі ояу жастар ақиқатты танып, өмірде өз орындарын адаспай табады деп ойлаймын. Осы мақсатты көздеген Ыбырай Алтынсарин – қазақ арасынан шыққан тұңғыш кемеңгер адам болса, мен оның өзінің қараңғы, көшпелі халқының ішіне еуропалық мәдениеттің жарық сәулесін таратып, ақиқатты таныған ұлы ұстаз екенін айтып, ойымды аяқтағым келеді.

#### Әдебиеттер тізімі

1. «Алтынсарин Ыбырай тағлымы» Алматы, Жазушы, 1991 ж.
2. Алтынсарин Ы. «Екі томдық шығармалар жинағы» Алматы, 2003 ж. 18-21 б.
3. Алтынсарин Ыбырай «Қазақ хрестоматиясы» Алматы, 2003 ж.
4. Ахметова Ә. «Қазақ балалар әдебиетінің кітапханасы» Алматы, 1992 ж.
5. Дербісәлин Ә. «Ы.Алтынсариннің жазушылық қызметі туралы» Алматы, 1958 ж.
6. Көшімбаев А. «Қазақ әдебиетін оқыту методикасы» Алматы, 1969 ж. 81-82 б.
7. <https://anatili.kazgazeta.kz/>

ӘОЖ 37:94(574)

#### ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН ЖӘНЕ ОНЫҢ ТӘРБИЕЛІК МҰРАСЫ

**Макенова М. А.** – 6В07201 – *Азық-түлік өнімдерінің технологиясы бойынша бакалавриатта білім алушы, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті. 3-курс студенті.*

**Аубакирова Г. Е.** – *Өңдеу технологиясы және стандарттау кафедрасының аға оқытушысы, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті.*

*Қазақ балалары үшін ана тілінде аса бай әңгімелер мен өлеңдер жазып, Алтынсарин қазақ әдебиеті тарихында жазушы-суретші ретінде Абаймен бірге лайықты орын алды. Оның шын жүректен, шынайы жазылған шығармалары, балалардың қызығушылықтары мен жүрегіне жақын және әлі күнге дейін ескірген емес. Алтынсариннің тарихтағы, этнографиядағы және өлкетанудағы маңызы зор.*

*Тірек сөздер: тарих, педагог, мұра, ақын, жазушы.*

Біз надан боп өсірдік  
Иектегі сақалды.  
Өнер – жігіт көркі деп  
Ескермедік мақалды...  
Біз болмасақ сіз барсыз,  
Үміт еткен достарым,  
Сіздерге бердім батамды...

Қазақ елі барлық жағынан өркендеп, дамып келеді. Қазақстан ұлттық жаңғыру жолында да көптеген жетістіктерге жетті. Ұлттық жаңғыру дегенді мен былай түсінемін, бабалардан мирас болған ізгі қасиеттерді қайта түлетіп, асылдарымызды ардақтап, ұлттық қазыналарымызды қастерлеп, қазақ хал-